

Халықтың коммуналдық қызметтер үшін есеп айырысуларын реттеу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 14 қыркүйектегі N 883 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде N 47 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 1999 жылғы 02 желтоқсандағы № 1157 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 02.12.1999 № 1157 қаулысымен.

Тұтынушыдан жеткізіп берушіге дейінгі өту процесіндегі жұмысқа тартылған тиісті қызметтердің тарапынан басқарма-мен коммуналдық қызметтер үшін төленетін ақша қаражаттарының кідіру фактілерінің анықталуына, ПИК-рі (ҮЖИК, ҮИК) органдары тарапынан көрсеткен коммуналдық қызметтері үшін жеткізіп берушілерге арналған ақша қаражаттарын басқа мақсаттарға жұмсап, қаржылық жөнсіздіктерге жол беруінің анықталуына, ақша қаражаттарын аударудағы кідірістерге, олардың төлем құжаттарын белгіленген үлгіде толтырмауына байланысты, тұтынушылар мен коммуналдық қызметтерді жеткізіп берушілердің құқықтарын қорғау, Алматы қаласындағы халықтың коммуналдық қызметтер үшін есеп айырысуларын реттеу, ақы төлемейтіндердің қарыздарын азайту және жеткізіп берушілердің ақша қаражаттарын инженерлік жабдықтарды жөндеу жұмыстары, отынды (мазутты) сатып алу үшін уақтылы аударуы мақсатында Алматы қаласының Әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Коммуналдық қызмет көрсетушілер көрсеткен қызметтері үшін Алматы қаласында белгіленген бірыңғай төлем құжаты (БТҚ) арқылы халықпен және ПИК -рімен өзара есеп айырыссын.

Тоқсан сайын қала әкімінің аппаратына қала халқына коммуналдық қызметтер бойынша ПИК-імен (ҮИК) бірге тексеріп, салыстыру жөніндегі қарыздар туралы ақпаратты тапсырып отырсын.

2. Коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеу жөніндегі есеп- хабарлау қағаздарын өндейтін есептеу техникалары бойынша- қызмет көрсететін заңды ұйымдар (АЕО, ПИК және басқалар):

- бірыңғай төлем құжаты (БТҚ) және халықтық банктің бөлімшелері арқылы баспана, коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеудің қалада белгіленген жүйесін

б а с ш ы л ы қ қ а

а л с ы н ;

- банкілерден түсетін, халықтың коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуі жөніндегі ақпараттарды өндесін және банкілерге 5 күн ішінде ақша қаражаттарын тиісті мақсаттарға аудару туралы та п с ы р м а л а р б е р с і н .

Коммуналдық қызметтердің көлемі жөніндегі барлық өзгерістерді ПИК-нің қызметтер көрсетушілермен келісілген ақпараттары бойынша жүзеге асырсын;

-Коммуналдық қызметтер үшін халықтан банкіге түсетін ақша қаражаттарын және баспаналарды күтіп-ұстау жөніндегі шығындарды осындай қызмет көрсетушілердің есептеріне аударып ма қ с а т қ а с ә й к е с ж ү м с а с ы н .

-тұтынушыларға көрсетілегін өз қызметін шарттық қатынастар заңды бәсеке негізінде жүзеге асырып, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келуіне жол бермесін.

3. Халықтық банкінің Алматы облыстық филиалы (С.Сазонов) есептеу орталықтарының төлем тапсырмаларына сәйкес, банкілік үш күннен кешіктірмей, халықтан алынған ақша қаражаттарын коммуналдық қызметтерді көрсетушілердің және ПИК-нің (ҮЖИК, ҮИК) есептеріне аударсын.

4. Пәтерлер пелерінің кооперативтері (ҮЖИК, ҮИК):

-коммуналдық қызметтер үшін төленген және баспаналарды күтіп-ұстауға арналған ақша қаражаттарын өздерінің кассаларында ұстау үшін қабылдауды тоқтатсын;-ақша қаражаттарын тек қана тиісті мақсатқа жұмсасын;

-ай сайын, әр айдын 15-күніне дейін қызметтерді жеткізіп берушілермен бірге қызметтердің көлемі бойынша (есептеу приборларының көрсетуі бойынша) салыстырып, тексеруді жүзеге а с ы р с ы н .

5. Коммуналдық қызметтерді жеткізіп берушілер, ПИК-рі(ҮЖИК; ҮИК) халықтың көрсетілген қызметтер үшін төлейтін ... қарыздарын өтеу және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық тәсілдер арқылы төлеттіру жөнінен жұмысты белсенді жүргізсін.

6. Аудандардың әкімдері, әділет басқармасы (нотариат), ПББ халықтың коммуналдық қызметтер үшін және баспаналарды күтіп-ұстауға арналған төлемдер бойынша есеп айырысуларын «реттеу жөніндегі шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жан- жакты көмек көрсетсін.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Т.Дүлкайыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

В. Храпунов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК